

2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - Жылу станциясының реттелетін қызметтерді көрсету бойынша қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі

2026 жылғы 28 шілдеде бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2026 жылдың жартыжылдығының қорытындылары бойынша есептің тыңдаулары өткізілді.

Жария тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тыңдаулар сонымен қатар онлайн-режимде, кәсіпорынның инстаграмның әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында <https://instagram.com/aksuzavod?igshid=veda0933kee0> сілтемесі бойынша өткізілді.

Тыңдауды өткізу туралы ақпарат 2026 жылғы 26 маусымдағы № 26 (1891) «Aqjol» газетінде жарияланды.

Жылу станциясының жалпы мәліметтері

Жылу станциясы - бұл қала үшін және Ақсу ферроқорытпа зауытының өз қажеттіліктері үшін жылу энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін негізгі энергетикалық нысан.

Жылу станциясы Ақсу қаласында жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсетеді.

2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша реттелетін қызметтің көлемі мен негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпарат.

Бекітілген тарифтік сметаға сәйкес көрсетілетін қызметтердің көлемі 533 мың Гкал құрайды, іс жүзінде 2026 жылдың 1-жартыжылдығында қызметтердің көлемі 359 мың Гкал құрады, оның ішінде үшінші тарап ұйымдарына 302,6 мың Гкал көлемінде қызмет көрсетілді.

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке қолданыстағы тариф 5 101,38 тг/Гкал мөлшерінде Ақтөбе облысы бойынша ТМРҚД 27.01.2026 ж. №1-НҚ бұйрығымен 01.04.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілді.

2026 жылдың 1-жартыжылдығында жылу энергиясын өндірудің 1 Гкал нақты құны 7 156,49 теңгені құрады.

2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы шығындар 2 165 332,72 мың теңгені құрады, 2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы кірістер 1 283 293,33 мың теңгені құрады, бекітілген көрсеткіш 2 155 177,15 мың теңгені құрады.

2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы шығын 882 039,39 мың теңгені құрады.

Жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы

«Қазхром» ТҰК» АҚ үшін жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге арналған 2026-2030 жылдарға инвестициялық бағдарламасы ҚР Энергетика министрілігінің 29.12.2025 ж. № 527-Н/Қ, ТМРҚД 31.12.2025 ж. № 181-НҚ бірлескен бұйрығымен бекітілген.

2026 жылға арналған инвестициялық бағдарлама «№4 КЛС -1200 таспалы конвейерін күрделі жөндеу» іс-шарасын көздейді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шарасын орындау ағымдағы жылдың соңына дейін күтіледі.

№ р/р	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоғарлы және нақты көлемі туралы ақпарат							Инвестициялық бағдарламаның сомасы				Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат ²⁶								Бекітілген инвестициялық бағдарламада қол жеткізілген нақты көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Көрсеткішті реттеліп көрсетілетін қызметтегі сапасы мен сенімділігі және қызметтің тиімділігін бағалау
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Табиғи көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шартындағы қызмет көрсету көлемі	Пайда мен залал туралы есеп	Жоспар	Факт	Ауытқу	Ауытқу себептері	Меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша негізгі көрсеткіштерді жасау, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша негізгі көрсеткіштерді жасау, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша аяқталып қалған жұмыстардың қалдық мөлшері, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша аяқталып қалған жұмыстардың қалдық мөлшері, %			
				жоспар	факт							Амортизация	Пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
1	жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтер	КЛС-1200 №4 таспалы конвейерін күрделі жөндеу	м	362	-	2026	- 882 039,39 мың теңге	116 522,9	-	-116 522,9	Дайындық жұмыстары жүргізілуде	116 522,9	0	0	0	-	-	-	-	-	-	-	-	Орындау 2026 жылдың соңына дейін күтілуде	
		Жылыны қызметінің көлемі	Гкал	558	303				116 522,9																

2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы ақпарат.

Жалпы шығындардың өсу себептері бекітілген тарифтік сметада көзделмеген нақты шығындар, мысалы, технологиялық процесті қамтамасыз етуге арналған шығындар, үшінші тарап ұйымдарының қызметтері, қоршаған ортаның ластануы үшін төлемдер, мүлікті сақтандыру және АқсФЗ цехтарының

қызметтері болды. Сондай-ақ күрделі жөндеуден кейін негізгі құралдарды енгізу есебінен жөндеу жұмыстары көлемінің ұлғаюы, ағымдағы жөндеуге арналған материалдар құнының ұлғаюы, медициналық қызметтер құнының өсуі, жұмыс персоналы санының ұлғаюы.

№ р/р	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
I	Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындар	мың теңге	2 612 222,59	2 503 273,82	-4%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 552 566,04	978 042,93	-37%	Орындау 2026 жылдың соңына дейін күтілуде.
2	Энергия барлығы	мың теңге	324 238,97	371 498,91	15%	АЖК-2 тоқтау кезеңінде газмазут қазандығынан алынған бу түріндегі жылу энергиясына, сондай-ақ энергия тасымалдаушыларға жұмсалатын шығындардың өсуі есебінен
3	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	436 730,06	400 654,20	-8%	Орындау 2026 жылдың соңына дейін күтілуде.
4	Бөгде ұйымдардың қызметтері	мың теңге	50 954,20	100 252,52	97%	медициналық тексеру және медициналық куәландыру құнының ұлғаюы, бөгде ұйымдардың қызметтеріне шығындардың өсуі есебінен
5	Амортизация	мың теңге	116 522,90	298 971,26	157%	күрделі жөндеуді және НҚ енгізуді орындау есебінен
6	НҚ ұлғаюына әкелмейтін жөндеу	мың теңге	115 323,43	197 797,34	72%	Ағымдағы жөндеуге нақты шығындар
7	Басқа шығындар	мың теңге	15 886,98	156 056,66	882%	қоршаған ортаның ластануын төлеу, мүлкіті сақтандыру және АқсФЗ цехтарының қызметтері үшін нақты шығындар есебінен
II	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	21 225,73	60 045,75	183%	Әкімшілік персоналдың нақты саны мен жалақысына жұмсалатын шығыстарды ұлғайту
III	Барлық шығындар	мың теңге	2 633 448,32	2 563 319,57	-3%	
IV	Тауар өніміне арналған шығындар	мың теңге		2 165 332,72	0%	
V	Барлық кірістер	мың теңге	2 633 448,32	1 514 498,37	-42%	
	Оның ішінде тауарлық өнімге	мың теңге	2 155 177,15	1 283 293,33	-40%	
VI	Жылу энергиясын өндіру көлемі	Гкал	533 038,77	358 181,00	-36%	Орындау 2026 жылдың соңына дейін күтілуде.
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	Гкал	436 214,71	302 569,00	-46%	Орындау 2026 жылдың соңына дейін күтілуде.
VIII	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/Гкал	4 940,44	4 940,44	3%	
	2026 жылғы 1 қаңтардан 31 наурызға дейін	теңге/Гкал	4 039,22	4 039,22		
	2026 жылғы 1 сәуірден 2027 жылғы 28 ақпанға дейін	теңге/Гкал	5 101,38	5 101,38		
X	Тауар өнімінен пайда (-шығын)			-882 039,39		
	1 гкал жылу энергиясының өзінің құны	теңге/Гкал	4 940,63	7 156,49	45%	

2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі және қызметтің тиімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы ақпарат

«Қазхром» ТҰК» АҚ ЖС үшін реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері және қызмет тиімділігінің көрсеткіштері **өзірленбеген және бекітілмеген**.

Көрсеткіштерге қол жеткізуді бағалау 2026 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

№ р/р	Сапа және сенімділік көрсеткіші	2026 жылғы жоспар	2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша фактісі	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақталуын бағалау	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерін сақтамаудың себептері (негіздемесі)
1	Негізгі қорлардың (активтердің) (физикалық) тозуы	бекітілмеген	-	Көрсеткіштердің сақталуын бағалау 2026 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.	-

№ р/р	Тиімділік көрсеткіші	Жоспар (2026 жылға)	Ағымдағы жылдың жартыжылдықтың фактісі	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	4	5	6	7
1	Негізгі қорлардың (активтердің) (физикалық) тозуын төмендету	бекітілмеген	-	Көрсеткіштерге қол жеткізуді бағалау 2026 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.	-

Қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері

Уәкілетті органмен 2030 жылға дейінгі тарифтер бекітілді: 2026 ж. – 5 101,38 теңге/Гкал, 2027 ж. – 4 987,40 теңге/Гкал, 2028 ж. – 5 251,61 теңге/Гкал, 2029 ж. – 5 348,36 теңге/Гкал, 2030 ж. – 5 560,69 теңге/Гкал.

Уәкілетті органмен сондай-ақ 448 887,18 мың теңге сомасына таспалы конвейерлерді күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды орындауды көздейтін бес жылдық инвестициялық бағдарлама бекітілді.

Жылу станциясының реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс және ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы

«Қазхром» ТҰК» АҚ жыл сайын өзінің табиғи монополиялар саласындағы қызметі туралы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптар алдында ашық жария тыңдаулар нысанында есеп береді, мұндай жария тыңдаулардың уақыты мен орны туралы тиісті хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

«Қазхром» ТҰК» АҚ Заңда белгіленген міндеттерді орындай отырып, тұтынушыларды заңнамада көзделген мерзімдерде тарифтердің өзгергені туралы хабардар етеді.

2026 жылдың жартыжылдығында көрсетілетін реттелетін қызметтердің сапасына тұтынушылар тарапынан шағымдар жоқ.

2026 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша апаттар мен ажыратулар тіркелген жоқ. Техникалық шарттар берілген жоқ.

Көрсетілетін қызметтердің сапасы мыналар есебінен қамтамасыз етіледі:

1. Нормативтік талаптарды сақтау
2. Сапаны бақылау

3. Инфрақұрылымның сенімділігі мен жағдайы
4. Персоналдың біліктілігі
5. Тұтынушылармен жұмыс
6. Энергия үнемдеу және ресурс тиімділігі.